

**Астана қаласында Жеңістің 55 жылдығын мерекелеу күндері министрліктерді, ведомстволар мен өзге де ұйымдарды бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 2000 жылғы 4 сәуір N 57-ө

Астана қаласында 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 55 жылдығын мерекелеу күндеріндегі салтанатты іс-шараларға облыстар мен Алматы қаласы делегацияларының қатысуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес министрліктер, ведомстволар

мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) облыстардың және Алматы қаласының делегацияларына бекітілсін.

2. Министрліктер, ведомстволар мен өзге де ұйымдар (келісім бойынша) күтіп алу мен шығарып салуды, мәдени бағдарламаны, медициналық, көліктік қызмет көрсетуді, тамақтануды ұйымдастырсын, сондай-ақ делегациялардың Астана қаласында болуының бүкіл кезеңінде олардың тұруына жағдай жасасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Аумақтық даму және әлеуметтік сала бөліміне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2000 жылғы 4 сәуірдегі  
N 57 өкіміне  
қосымша

Облыстар мен Алматы қаласының делегацияларына бекітілген  
министрліктердің, ведомстволар мен өзге де ұйымдардың  
Тізбесі

1. Ақмола облысы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
кіріс министрлігі
2. Ақтөбе облысы - Қазақстан Республикасының Ауыл  
шаруашылығы министрлігі
3. Алматы облысы - "Қазақойл" Ұлттық мұнайгаз компаниясы"

ЖАҚ (келісім бойынша)

4. Атырау облысы - Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі
5. Шығыс Қазақстан облысы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
6. Жамбыл облысы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
7. Батыс Қазақстан облысы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі
8. Қарағанды облысы - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ЖАҚ (келісім бойынша)
9. Қызылорда облысы - "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі Ұлттық компаниясы" ЖАҚ (келісім бойынша)
10. Қостанай облысы - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
11. Маңғыстау облысы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті
12. Павлодар облысы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті
13. Солтүстік Қазақстан облысы - "Қазақтелеком" ААҚ (келісім бойынша)
14. Оңтүстік Қазақстан облысы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
15. Алматы қаласы - "Қазақстан темір жолы" РМК (келісім бойынша)

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.